

"Техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 732 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі № 573 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту жөнінде» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 732 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5075 нөмірмен тіркелген, «Заң газетінде» 2008 жылғы 1 ақпандағы № 16 (1416) жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Егіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апталық мерзімде м ә л і м е т ү ш і н ж і б е р с і н .

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің м.а.

Е. Аман